

*Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы»
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.*

«ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН!»



*(МАД, «Алтын сақа
тобының
ұйымдастырылған
мерекелік
ертеңгілік)*

Тәрбиеші: Орысбаева А

Таушық ауылы, 06.05.2024

Ерлік –елге мұра, ұрпаққа ұран!

Мақсаты: балаларға Ұлы Отан соғысы туралы түсінік беру, осы соғыста ерлік көрсеткен батырлардың ерліктерін, жыл сайын Жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлап отыратынын айтып, қазақ батырлары туралы түсініктерін кеңейту. Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Тәрбиеші:

*Жеңіс деген жақсылықтың сыңары,
Жігер менен құштарлықтың құралы.
Күрескердің арманы мен құралы,
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.*

Бүгін 9- мамыр Жеңіс күні мерекесі құтты болсын. Биыл міне осы соғыстың аяқталғанына да 79 жыл болды. Біздің бейбіт өмір сүруіміз үшін жанын қизан, ерлікпен қаза тапқан ата-әжелеріміздің есімін ешуақытта ұмытпауымыз керек. Жеңіс күні құтты болсын. Жыл сайын 9 мамыр күні адамдар ескерткіштерге барады. Олар жауынгерлердің тас мүсініне айналған бейнелеріне гүлшоғын қойып, батырлар есімін еске алады.

Ендеше бүгінгі «Ерлік- елге мұра, ұрпаққа ұран!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ. Әрбір көктембізді ойша сонау ұмытылмас, әрі көптен күткен 1945 жылдың 9 Мамырына қайта оралтады.

*Дәл осынау жадыраңқы жай күні,
Болсадағы қай ғасырдың қай күні.
Ұлы Отаным басын иіп бір минут,
Есіне алмақ сол бір апат қайғыны.*

9-мамыр Жеңіс күні-бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам. Отан туралы тақпақтарымызды қабыл алыңыздар!

Жансая, Дидар, Маржан, Нұрсұлтан, Асылай, Бекжан.

Тәрбиеші: 1941 жылы 22 маусым күні таңшапағы жаңа ғана арайлап келе жатқан кезде фашистік Германия елімізге опасыздық пен басып кірді. Ұлы Отан соғысы осылай басталды. Отанымыздың басына ауыр күндер туды, елімізге шабуыл жасап соғыс ашты.

Бұл соғыс Ұлы Отан соғысы деп аталды, әрі бұл соғыс біраз жылға созылды. Сөйтіп, 1945 жылы 9 – Мамыр күні біз фашистерді жеңіп шықтық. Өз халқының батырлығын әлемге әйгілі еткен қазақтың батырлар Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова.

Хормен: «Біз Отанымызды мақтан етіп, сүюге, қорғауға ант етеміз».

*Тәрбиеші: Рақмет, балалар!
Жасасын Жеңіс!
Бақытты елім күле бер!
Тәуелсіз болып, болашағына жүре бер!
Болмасын соғыс!
Болмасын соғыс!*

Болмасын-дей келе кезекті балаларымыздың орындауын «Жеңіс күні» әнін қабыл алыңыздар! Жеңіс мерекесіне арналған тақпақтарына береміз.



Жәдігер, Жанәли, Иман, Азамат, Саида,
Айбар, Расул, Бекбай, Айназ.

Тәрбиеші: Өнегесін үйреніп,
Жеткіншек боп өсеміз.
Алдарыңа бас иіп,
Би де билеп береміз.

Би: «Катюша»
Жансая, Айназ, Раяна, Саида, Аяулым,

Асылай.

Тәрбиеші: Біздің халқымыздың батыр қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова мен батыр ұлдары Бауыржан Момышұлының есімдерін мақтанышпен айтады.
Мұрагер, Аяулым, Адина, Әлиасқар, Инжу, Раяна,



Наурызбек: Қазақтың қамы үшін,
Жүрегі ауырған .
Елінің намысын.
Қорзаған Бауыржан!
Өр бабам – Бауыржан!

Тәрбиеші: Балалар біздің шекараны кімдер қорғайды?

Балалар: Сарбаздар!

Тәрбиеші: Шекарада сарбаз тұр,
Ел бақытын қорғап тұр –дей келе кезекті

«Сарбаздар»биіне береміз.

Би : «Сарбаздар»

Жүргізуші: Елге қауіп тонбесін,
Халқым өсіп-өрлесін.
Аман-есен болайық,
Енді соғыс келмесін.

Құрметті қонақтар, балалар! Бүгінгі «Бейбіт күн жасасын әлемде!» атты ертеңгілігімізді «Бейбіт ел тілегі хор-әнімен аяқтаймыз. Бізге жарқын өмір сыйлағандарыңызға көп рахмет, ерліктеріңізді мәңгі ұмытпаймыз, ардақты ардагерлер!

